



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАНКТЕРДІҢ БӨЛШЕК КРЕДИТ ПОРТФЕЛІ МЕН ОНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН ТАЛДАМАЛЫҚ ШОЛУ

Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

№2025-03 аналитикалық шолу

Темірғалиев К.Т.
Нұрханова О.В.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) талдамалық жазбалары ҚРҰБ пен оның қызметкерлері жүргізген талдамалық немесе әдіснамалық жұмыстардың нәтижелерін жариялау үшін шығарылады. Талдамалық жазбаларда авторлар белгілі бір жағдайды талдау және/немесе статистикалық не реттеу деректерін бағалау арқылы өз қорытындысын ұсынып, әдіснамалық сипаттағы ұсынымдар береді.

Банктердің бөлшек кредит портфелі мен оның құрамдас бөліктеріне жасалған талдамалық шолу

2025 жылғы желтоқсан

NBRK – AN – 2025 – 03

Банктердің бөлшек кредит портфелі мен оның құрамдас бөліктеріне жасалған талдамалық шолу

Темірғалиев К.Т.¹

Нұрханова О.В.²

Аннотация

Аналитикалық шолуда банктердің бөлшек кредит портфеліне және оның құрамдас бөліктеріне, соның ішінде пайызсыз тұтыну қарыздарына жан-жақты талдау жасалады. Шолуда жеке тұлғалардың қарыз құрылымына, оның динамикасына, бөлшек портфельдің сапалық сипаттамалары мен оған тән сын-қатерге баға беріледі. Зерттеу кредит тіркелімнің микродеректері негізінде әзірленді. Динамикаға қатысты қорытындылар 2022 жылғы наурыздан 2025 жылғы шілдеге дейінгі кезеңді қамтиды, ал портфельдің қазіргі жай-күйі 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша бағаланған.

Негізгі сөздер: бөлшек қарыздар, тұтыну портфелі, бөліп төлеу, екінші деңгейлі банктер.

JEL классификациясы: G21.

Бөлшек банк портфелі жеке тұлғаларға түрлі мақсатта берілетін (жылжымайтын мүлік, тауар сатып алу, қызмет алу, құрылыс пен жөндеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ өзге де қажеттіліктер) банк қарыздарын қамтиды. Бұл талдауда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында алынған жеке кәсіпкерлердің (ЖК) қарызы қарастырылмайды.

Қазір бөлшек банк кредиттеуі отандық банк секторының маржасы жоғары, негізгі сегменті болып отыр. Сонымен қатар бөлшек кредиттеу нарығы айтарлықтай шоғырланған. Субпортфельдер деңгейінде әрбір санат бойынша есептелген Херфиндаля–Хиршман индексінің³ (ННІ) мәндері олардың барлығы жоғары шоғырланған нарық екенін айғақтайды. Атап айтқанда, ипотеканы кредиттеу нарығында ННІ 3501-ге, кепілсіз тұтыну кредиттер нарығында 2560-қа, қамтамасыз етілген тұтыну кредиттері нарығында 2462-ге тең болды. Ең төменгі ННІ мәні автокредиттеу нарығында тіркелді (1509), бұл оны шоғырлану деңгейі орташа нарық ретінде сипаттауға негіз болады.

Бөлшек қарыздардың банк кредит портфеліндегі үлесі жоғары болуы және жекелеген субпортфельдерде ірі ойыншылардың басымдыққа ие болуы

¹ Темірғалиев К.Т. – Қаржы нарықтарын зерттеу басқармасының бас маман-талдаушысы (Kuanysh.Temirgaliyev@nationalbank.kz)

² Нұрханова О.В. – Қаржы нарықтарын зерттеу басқармасының бастығы (Oxana.Nurkhanova@nationalbank.kz)

³ Херфиндаля-Хиршман индексі – нарықтағы шоғырлану деңгейін бағалау үшін қолданылатын көрсеткіш. Индекс мәнінің 1800-ден жоғары болуы нарықтың жоғары деңгейде шоғырланғанын білдіреді.

жағдайында бөлшек портфельдің динамикасын, құрылымын және сапасын талдау, сондай-ақ оның жай-күйін тұрақты түрде мониторингтеу ерекше маңызға ие.


Бағалау нәтижесінен бөлшек кредит портфелінің халықтың әл-ауқатына немесе борыш жүктемесінің артуына (кемуіне) тікелей әсері туралы қорытынды жасай алмаймыз. Дегенмен олар кейінгі 4 жылдағы портфельдің жай-күйі мен өзгерістерін сипаттайтын көрініс пайда болып, оған тән негізгі үрдістер мен сын-қатерді айқындайды.

I. Жеке тұлғалар қарызының құрылымы мен динамикасы

01.08.2025 ж. дерек бойынша кредит тіркеуінде жалпы сомасы 23 трлн теңге болатын (2024 жылғы шілде – 2025 жылғы маусым аралығындағы ЖІӨ-нің шамамен 16%-ы) 47,7 млн кредит бойынша қарызы бар 7,71 млн жеке тұлға тіркелген.

Жеке тұлғалардың қарыз портфелінде тұтыну кредиттері басым (55% немесе 12,7 трлн теңге, оның 92%-ы – кепілсіз кредиттер), қарыздың төрттен бірінен астамы – жылжымайтын мүлікпен кепілдендірілген қарыз (29% немесе 6,7 трлн теңге), ал ең төмен үлес алып отырған – автокредит⁴ (16% немесе 3,6 трлн теңге) (1-график).

1-график. Жеке тұлғалар қарызының құрылымы (01.08.2025)



Төрт жыл бұрын да тұтыну кредиттері бөлшек портфельдің жартысынан астамын (56%) құраған, бұл ретте ипотекалық қарыздардың үлесі – 35%, ал автокредит үлесі 9% болған. Санаттар арасындағы арақатынастың өзгеруі кейінгі төрт жылда автокредиттеу көлемінің төрт есеге жуық өсуіне байланысты болды. Бұл өсімге отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған мемлекет бағдарламалары, сондай-ақ автокредиттерге қатысты реттеу жеңілдіктері сеп болды.


2023 және 2024 жылдары автокредит портфелі 73% және 54% жылдық өсім көрсетті. 2024 жылғы 1 сәуірден бастап борыш жүктемесі коэффициенттеріне қойылатын талаптардың қатаңдатылуы және кейінгі реттеу өзгерістері нәтижесінде бұл сегменттегі өсім баяулады. Соған қарамастан, 2025 жылы автокредиттеу жоғары қарқынын сақтап отыр: алғашқы 7 айда өсім 28% болды (2-график).

Жалпы бөлшек кредит портфелінің өсу қарқыны баяулағанымен, айтарлықтай жоғары деңгейде қалып отыр. 2022-2024 жылдары портфельдің жылдық өсімі тиісінше 31,3%, 26,7% және 23,8% болды. Ал 2025 жылдың алғашқы 7 айында портфель көлемі 11,2%-ға ұлғайды, бұл қабылданып жатқан

⁴ Осы талдау аясында автокөлік сатып алу мақсатында берілген тұтыну қарыздары жеке субпортфель ретінде қарастырылады.

реттеу шараларының әсерінен өсу қарқыны белгілі бір деңгейде бәсеңдегенін көрсетеді.

2-график. Портфель динамикасы (ж/ж) мен трлн теңгедегі көлемі



Кредиттердің мерзімділігі тұрғысынан алғанда, пайызсыз кепілсіз қарыздарды есептегенде, тұтыну кредиттерінің үштен бірі 1 жылға дейінгі мерзімге берілген, тағы шамамен 30%-ының мерзімі 2 жылға дейін (1-кесте). Тұтынушылық емес мақсаттарға берілген қарыздарда (ипотека, автокредиттер) өзге құрылым қалыптасқан: бұл сегментте заемшылардың 50%-ының кредит мерзімі 7 жылға дейін жетеді.

1-таблица. Қарыз мерзімін ай бойынша жіктеу (01.08.2025)

Дециль	Тұтыну қарызы мерзімі (бөліп төлеуді қоспағанда)	Тұтыну қарызы емес қарыз мерзімі (ипотека, авто)
10%	11	48
20%	12	60
30%	12	72
40%	24	84
50%	24	84
60%	24	88
70%	48	99
80%	48	131
90%	60	180
95%	75	300

Борыш жүктемесі деңгейін бағалау кезінде портфель екі негізгі көрсеткіш арқылы қарастырылады: 1 қарыз алушыға шаққандағы кредит саны мен 1 қарыз алушыға шаққандағы қарыз көлемі.

Қарастырылып отырған датаға қарай қарыз алушылардың шамамен жартысында 4 немесе одан да көп кредит бар, ал қарыз алушылардың шамамен 26%-ының тек бір ғана кредиті бар. Алайда бұл көрсеткіш өздігінен халықтың борыш жүктемесі күшеюін білдірмейді және бұл пайызсыз кепілсіз қарыздардың (бөліп төлеу) кеңінен таралуына байланысты болып отыр (*III бөлімде толығырақ қарастырылады*).

Бір қарыз алушыда екі және одан да көп кредиттің болуы тұтыну субпортфеліне тән құбылыс. Бұл ретте бір қарыз алушыға шаққандағы тұтыну

қарызы көлемі өзге сегменттермен салыстырғанда айтарлықтай төмен (2-кесте). Дегенмен, осы санаттағы қарыз алушылардың жартысының бір адамға шаққандағы қарызы 817 мың теңгеден асады.

Тұтыну мақсатында емес, басқа мақсатқа берілген кредит субпортфелінде қарыз алушылардың 90%-ында тек бір ғана осындай кредиті бар екенін айта кету керек. Бұл ретте қарыз көлемінің тұтыну кредиттеріне қарағанда едәуір жоғары болуы ипотека мен автокредиттерге жататын қарыз алу көлемімен түсіндіріледі.

2-кесте. 1 қарыз алушыға шаққандағы қарыз*, мың теңге (01.08.2025 жылға)


Дециль	1 қарыз алушыға келетін борыш сомасы, мың теңге		
	жалпы бөлшек портфель бойынша	тұтыну қарыздары бойынша	Тұтыну қарыздарынан бөлек қарыздар бойынша (ипотека, авто)
10%	90,0	80,3	2 093,9
20%	223,1	193,8	3 597,9
30%	411,2	347,8	4 919,4
40%	665,2	548,6	6 192,4
50%	1 016,3	816,6	7 512,0
60%	1 532,8	1 173,1	9 040,0
70%	2 376,3	1 682,2	10 920,7
80%	4 304,1	2 490,2	13 993,3
90%	8 147,8	4 438,5	19 074,5
95%	12 832,0	6 380,4	25 000,0

Ескерту: * әр жолдың мәні сәйкес баған бойынша n-ші перцентил шекарасын көрсетеді. Әрбір индикатордың тиісті перцентил бойынша таралуының басқа бағандарға қатысы жоқ.

II. Жеке тұлғалар борышы сапасының сипаттамалары

Бөлшек кредит портфелінің сапасы жалпы алғанда жеткілікті түрде тұрақты. Алайда кейінгі бір жылда, әсіресе кепілсіз тұтыну қарыздары сегментінде, нашарлау үрдісі байқалады.

3-график. NPL90+ (ж/ж) динамикасы



Кредит тіркеу деректеріне сәйкес, бір банкте кемінде төленбегеніне 90 күннен көп уақыт өткен берешегі (NPL90+) бар жеке тұлғалардың саны –573,6

мың адам. Оның ішінде 7,5 мың адам бұл санатта төрт жыл бұрын да болған (3-кесте). Кейінгі төрт жыл ішінде бір қарыз алушыға шаққандағы проблемалы қарыздың орташа көлемі тұтыну қарыздары бойынша да, тұтынудан басқа мақсаттарға берілген қарыздар бойынша да ұдайы өсіп келеді.

3-кесте. Төлемі 90 күннен көп кешіктірілген кредит сипаттамалары мен динамикасы (NPL90+)

Дата	NPL90 + бар бірегей қарыз алушылар саны, мың.	1 қарыз алушыға келетін npl90 + орташа берешегі, мың теңге	
		Тұтыну қарыздары бойынша	Тұтыну қарыздарынан бөлек қарыздар бойынша (ипотека, авто)
01.04.2022	467,3	669,2	3 231,8
01.01.2023	557,7	750,2	2 831,5
01.01.2024	533,0	893,4	3 753,7
01.01.2025	547,4	1 151,8	5 951,3
01.08.2025	573,6	1 471,7	6 448,7

III. Бөліп төлейтін тұтыну қарыздары

Кепілсіз тұтыну кредиттері арасында пайызсыз қарыздар тобы, бөліп төлеу (рассрочка) шартындағы кредиттер ерекше назар аударуды талап етеді. Осы талдау аясында бөліп төлеу ретінде ұлттық валютада, кредиттік карталар⁵ шарттарынан тыс, нөлдік номиналдық мөлшерлемен берілген кредиттер қарастырылады.

Жалпы алғанда, бөліп төлеу шартындағы қарыздар тұтыну кредиттері бойынша жалпы берешектің 19%-ы болады (2024 жылы – 2,44 трлн теңге немесе 21,1%, 2023 жылы – 1,78 трлн теңге немесе 18,9%, 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша – 0,86 трлн теңге немесе 14,7%). 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша бұл өнімдерді пайдаланушылар саны 4,9 млн адам немесе барлық қарыз алушылардың 63%-ы болған (2025 жылғы 1 қаңтарда – 5,5 млн адам немесе 73%).

Мерзімі бойынша алғанда, кепілсіз пайызсыз бөліп төлеу қарыздарының үштен екісі 1 жылға дейінгі мерзімге берілген, тағы шамамен 30%-ының мерзімі 2 жылға дейін (4-кесте).

4-кесте. Қарыздардың мерзімі мен мөлшерін жіктеу, ай бойынша

Дециль	Бөліп төлеу мерзімі	Бөліп төлеу бойынша 1 қарыз алушыға келетін берешек, мың теңге
10%	3	41,4
20%	6	84,5
30%	12	137,1
40%	12	201,9
50%	12	284,2
60%	12	394,0


⁵ Бұл анықтама заңда белгіленген тұжырым емес, сондай-ақ банктерді қадағалау саласындағы реттеу объектісі емес

70%	24	546,4
80%	24	776,9
90%	25	1 248,6
95%	25	1 750,0

Қарыз алушыларды қарыз көлемі бойынша жіктеу бөліп төлеу қарыздары бойынша да, өзге тұтыну кредиттері бойынша да қарыздың жоғары деңгейде шоғырланғанын көрсетеді (4-график).

Тұтыну қарыздарының (бөліп төлеуді есептемегенде) жалпы көлемінің 92%-ы бір адамға шаққанда 759 мың теңгеден жоғары қарызы бар қарыз алушылардың жартысына тиесілі. Сол сияқты, бөліп төлеу шартындағы қарыздардың 88%-ы осы өнімді пайдаланатын қарыз алушылардың жартысының үлесіне тиеді.

4-график. Тұтыну қарыздары бойынша қарыз жиынтығын бөлу (01.08.2025 ж.)



Ескертпе: әрбір баған (бар) рейтингі бар қарыз алушылардың әрбір 10%-ына келетін қарыз көлемін білдіреді, қисық субпортфель бойынша жалпы берешектің жинақталған үлес деңгейін білдіреді.

Бөліп төлеу шартындағы кредиттердің сапасы өзге тұтыну кредиттерімен салыстырмалы деңгейде, бұл мерзімі өткен берешек үлесінің динамикасынан байқалады (5-кесте). Дегенмен, 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша бөліп төлеуді есептемегендегі тұтыну кредиттері портфелінде 90 күннен астам уақыт төленбеген қарыздардың үлесі 6,65%-ға дейін өсті, бұл көрсеткіш бөліп төлеу портфеліндегі NPL90+ деңгейінен жоғары.

5-кесте. NPL90+ үлесі

	01.04.2022	01.01.2023	01.01.2024	01.01.2025	01.08.2025
Тұтыну қарыздары, бөліп төлеуден басқа	5,00%	5,49%	4,91%	5,30%	6,65%
Бөліп төлеу	6,22%	5,90%	4,96%	5,33%	5,87%

6-кестеде қарастырылып отырған күн бойынша қарыз алушылар бөліп төлеу бойынша қарызы бар-жоғына қарай жіктеледі. Бөліп төлеу өнімдерін пайдаланатын қарыз алушылардың, орта есеппен, мұндай қарызы жоқ қарыз алушыларға қарағанда бір адамға шаққандағы басқа кредитінің саны көп.

6-кесте. Төлеп отырған бөліп төлеуі бар қарыз алушыларға қатысты көрсеткіштер (01.08.2025 ж)

Бөліп төлеп отыр	Қарыз алушылар саны	Кредит типі	Қарыздың орташа мөлшері, теңге	1 қарыз алушыға келетін қарыздың орташа саны	1 қарыз алушыға келетін негізгі борыштың орташа мөлшері, теңге
1	2	3	4	5	6
Нет	2 835 086	Қалғаны (авто мен ипотека)	7 699 985	1,09	8 371 453
		Тұтыну	613 075	2,33	1 429 199
		Кепіл қойылмаған	603 029	2,16	1 301 223
		Кепіл қойылған	709 704	4,76	3 378 504
Да	4 879 977	Қалғаны (авто мен ипотека)	8 818 192	1,12	9 878 598
		Тұтыну (бөліп төлеуден басқа)	482 417	3,66	1 763 658
		Кепіл қойылмаған	461 978	3,51	1 621 199
		Кепіл қойылған	880 050	5,44	4 785 908
		Бөліп төлеу	93 363	5,37	501 210

Ескерту: 4-6-бағандардың әрбір жолындағы мән 3-бағанның тиісті жолындағы қарыз алушыларға қатысты есептеледі. Мысалы, бөліп төлейтін қарыз алушылар арасында тұтыну қарызына жатпайтын қарыздың орташа мөлшері 8 818 192 теңге болды, бірақ барлық 4 879 977 қарыз алушының мұндай қарызы жоқ.

Қорытынды

1. Жеке тұлғаларды кредиттеу банк секторының ең сұранысқа ие сегменті болып қала береді. Бөлшек кредит портфелінің өсу қарқыны белгілі бір деңгейде баяулағанымен, әлі де жоғары деңгейде сақталып отыр.

2. Бөлшек кредиттеу нарығы жоғары деңгейде шоғырланған, субпортфельдер (ипотека портфелі, тұтыну кредиттері) бойынша жекелеген ірі ойыншылардың басым түсетіні байқалады. Автокредиттеу сегменті орташа шоғырланған.

3. Төрт жыл бұрынғыдай, бөлшек кредит портфелінің жартысынан астамын тұтыну қарыздары құрайды, олардың 92%-ы – кепілсіз. Бұл ретте кейінгі жылдары ипотекалық портфель мен автокредиттер арасындағы арақатынас өзгерді.

4. Портфель сапасы жалпы алғанда тұрақты, алайда кейінгі бір жылда оның нашарлап бара жатқаны байқалады. Проблемалы қарыз үлесі тарихи тұрғыдан ең жоғары деңгейде болмаса да, кей сегменттерге қосымша мониторинг қажет екені байқалады.

5. Қарыз алушылардың шамамен жартысының 4 немесе одан да көп кредиті бар, негізінен бұл –тұтыну қарыздары. Тұтынудан басқа мақсаттарға берілген кредиттер субпортфелінде (ипотека, автокредиттер) қарыз

алушылардың 90%-ының төлеп отырған тек бір ғана кредиті бар. Бұл сипаттамалар олардың халықтың әл-ауқатына немесе борыш жүктемесінің күшеюіне (әлсіреуіне) тікелей әсері туралы біржақты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

6. Кепілсіз тұтыну қарыздары ішінде пайызсыз кредиттер, бөліп төлеу өнімдері ерекше талдауды қажет етеді. 2025 жылғы 1 тамыздағы дерек бойынша бұл өнімдерді барлық қарыз алушылардың 63%-ы пайдаланып отыр.

7. Бөліп төлеу шартындағы қарыздар бір жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие болса, екінші жағынан жеке тұлғалардың портфеліне тән жалпы сипаттарды да қамтиды. Мұндай өнімдердің кең таралуы мен қарыз көлемінің ауқымы оларды кредиттік өнімдердің дербес ішкі санаты ретінде бөліп қарастырып, статистиканы жүйелі түрде жариялап отыру қажет екенін көрсетеді.